

## №2 Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы

Өткізілген орны: «Алтын Самұрық» бөбекжай-бақшасы

Өткізілген күні: 21 қараша 2025ж

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Мырсейтова Э.С.

Хатшы: Жүрсін Н.Б.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Зерделеу жұмысының қорытындысы  
Меңгеруші Мырсейтова Э.С.
2. Заттық дамытушы ортаның бала ойынын ұйымдастырудағы маңызы  
Тәрбиеші: Абдуллаева З.

**I. ТЫҢДАЛДЫ:** Зерделеу жұмысының қорытындысы

**СӨЙЛЕДІ:** Меңгеруші Мырсейтова Э.С. оқу жылы барысында жүргізілген зерделеу жұмысының қорытындысы туралы баяндама жасады. Зерделеу жұмысының мақсаты — ойын арқылы оқытуда дамытушы ортаның тиімділігін арттыру және балалардың танымдық белсенділігін дамыту екені айтылды. Зерделеу кезеңдері, қолданылған әдістер, бақылау және мониторинг нәтижелері таныстырылды. Нәтижесінде балалардың дербес ойын әрекеті артқаны, танымдық қызығушылығы мен тілдік белсенділігінде оң өзгерістер бар екені атап өтілді. Сонымен бірге кейбір топтарда дамытушы материалдардың жеткіліксіздігі мен ойын бұрыштарын жаңарту қажеттілігі анықталғаны айтылды.

Сөз сөйлеген «Еркетай» ортаңғы тобының тәрбиешісі Фазилова Ш. зерделеу барысында қолданылған ойын технологияларының тиімді болғанын айтып, балалардың өз бетінше шешім қабылдау дағдылары қалыптаса бастағанын жеткізді.

«Болашақ» ортаңғы тобының тәрбиешісі Кенжеева У.Т. зерделеу жұмысы кезінде ата-аналарды да ойын жобаларына тарту жақсы нәтиже бергенін атап өтті және бұл тәжірибені жалғастыруды ұсынды.

**II. ТЫҢДАЛДЫ:** «Заттық дамытушы ортаның бала ойынын ұйымдастырудағы маңызы»

**СӨЙЛЕДІ:** «Қызғалдақ» ортаңғы тобының тәрбиешісі Абдуллаева З. «Заттық дамытушы ортаның бала ойынын ұйымдастырудағы маңызы» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Баяндамада дамытушы ортаның құрылымы, ойын аймақтарын дұрыс ұйымдастыру, жас ерекшелікке сай материалдарды тандау

